

Бекітемін:
№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

меңгерушісі:

 Жармагамбетова Т.Ж.

Консультациялық пункте ата –аналармен ойын

Тақырыбы: «Танысқаным қуаныштым»

Әдіскер: Панина Айгуль Зейнулловна

2024-2025 оқу жылы

«Танысқанымға қуаныштымын»

Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту.

Балалардың мінез — құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіндігін т. б. тереңірек зерттеу.

Ата — ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Бала тәрбиесіндегі ата — ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;

Отбасы мүшелінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым — қатынасты қалыптастыру;

Жоспар

1. Кіріспе сөз

2. Тренинг: «Жылы сөз»

3. Балабақшаның күн тәртібі

4. Баланың балабақшаға бейімделуі (баяндама оқу).

5. Ата — ана мен балаға байланысты ситуация шешу.

Құрметті ата — аналар! Сіздерді біздің балабақшада көргенімізге қуаныштымыз. Жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйытқысы ата — ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десе де бала — ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы — дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі — бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» — демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата — ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата — аналар іс — жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Олай болса біз сіздермен ең алдымен танысып алайық.

Тренинг: «Жылы сөз»

Ата — аналар шеңбер құрып тұрады, бір -біріне жылы сөздерін айтады. Сіздермен танысқанымға қуаныштымын»- деп жұмсақ ойыншықты көрші тұрған ата — анаға беріп, әр бір ата — ана жылы сөздерін айтып орындарына жайғасады. Баяндама оқылып, сұрақ- жауап алмасып, балабақшамен толық танысып тарқасады.